

Ш.А. Шортанбаев<sup>1\*</sup> , А. Мамыров<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан, Орал қ.

\*e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫ ЗИНОЛ БИСЕНҒАЛИ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

Мақалада филология ғылымдарының докторы, профессор, Шыңғыс Айтматов атындағы Халықаралық қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Зинол-Ғабден Қабиұлы Бисенғалидың қазақ әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі, XX ғасыр басындағы қазақ прозасын зерттеудегі еңбегі жан-жақты қарастырылған. Баспасөз беттеріне жарияланған проза жанрының алғашқы үлгілерінің өзіне тән ерекшеліктерін, ұлттық проза жанрының жаңа ғасыр бастауындағы қалыптасу тарихын, өзіне тән даму заңдылықтарын, жетістігі мен кемшілігін саралап, айқындаудағы ғалым зерттеулерінің көкейкестілігі айқындалады. Кәсіби прозаның қалыптасып, дамуының алғышарттары, өзіне тән көркемдігі, жүріп өткен жолы, қоғамдық өмірмен байланыстылығы, дәуір шындығын көркемдік тұрғыдан игерудегі әр қалам иесінің өзіне ғана тән әдіс-тәсілі, мәнер-машығы ғалым тарапынан терең зерделенгені айтылады. Ғалымның төл әдебиетіміздегі романдық ойлаудың қалыптасу жолына тереңірек үңілгені сараланады.

Мақалада Зинол-Ғабден Бисенғалидың зерттеулерінде XX ғасыр басындағы қазақ романының бейнелеу үстанымдары мен көркемдік әдіс тәсілдерін, қазақ қаламгерлерінің, атап айтқанда, Ш. Құдайбердіұлы, М. Дулатов, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов және т.б. қаламгерлердің тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік ізденістерін жан-жақты қарастырылғаны тұжырымдалады.

Сондай-ақ, мақала барысында ғалымның XX ғасыр басындағы қазақ романшыларының дүниетанымынан туындаған романдық ойлау ерекшеліктерінің сырын және оған әсер еткен түрлі факторларды тиянақтап берген еңбегі де қамтылған.

**Түйін сөздер:** ұлттық проза, роман, романдық ойлау, әдеби даму, көркемдік ізденіс, стиль, жанр.

Sh.A. Shortanbayev<sup>1\*</sup>, A. Mamyrov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>West Kazakhstan innovation-technologies university, Kazakhstan, Uralsk

\*e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com

### Kazakh prose of the early of XX century in the studies of Zinol Bisengali

This article is devoted to the scientific activities of the doctor of philological sciences, professor, academician of the Shyngys Aitmatov International Academy of Social Sciences Zinol-Gabden Kabiuly Bisengali, who made an invaluable contribution to the study of Kazakh literature, the study of Kazakh prose of the early twentieth century. The relevance of scientific research lies in the analysis and identification of the features of the first samples of the prose genre, published in the press, in the study of the formation of the domestic prose genre at the beginning of the new century, in determining the patterns of its development, achievements and shortcomings.

The article also examines the preconditions for the formation and development of professional prose and its unique originality, the connection between prose and the real life of the people. The author analyzes the unique methods and styles of individual writers, which Z. Bisengali explored in his scientific works. Particular attention is paid to an in-depth study of the formation of novel thinking in our literature.

The article examines the artistic features of the Kazakh novel of the early twentieth century, analyzed in the studies of Zinol-Gabden Bisengali, studies in detail the thematic and worldview, artistic and stylistic studies of Kazakh writers, such as Sh. Kudaiberdyuly, M. Dulatov, S. Toraigyrov, Zh. Aymaulytov, M. Auezov, S. Seifullin, S. Mukanov and others.

The article also presents the works of the scientist, revealing the peculiarities of thinking of Kazakh novelists of the early twentieth century and various factors that influenced their work.

**Key words:** national prose, novel, romantic thinking, literary development, artistic search, style, genre.

Ш.А. Шортанбаев<sup>\*</sup>, А. Мамыров<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Казахстан, г. Уральск

\*e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com

### Казахская проза начала XX века в исследованиях Зиноп Бисенғали

Данная статья посвящена научной деятельности доктора филологических наук, профессора, академика Международной академии общественных наук имени Шынгыса Айтматова Зиноп-Габден Кабиулы Бисенғали, внесшего неоценимый вклад в исследование казахской литературы, в изучение казахской прозы начала XX века. Актуальность научных исследований заключается в анализе и выявлении особенностей первых образцов прозаического жанра, опубликованных в прессе, в изучении становления отечественного прозаического жанра начала нового века, определения закономерностей его развития, достижений и недостатков. Также в статье рассматриваются предпосылки становления и развития профессиональной прозы и ее неповторимая оригинальность, связь прозы с реальной жизнью народа; анализируются уникальные методы и стили отдельных писателей, которые исследовал в своих научных трудах З. Бисенғали. Особое внимание уделено углубленному изучению формирования романного мышления в нашей литературе. В статье исследуются художественные особенности казахского романа начала XX в., проанализированные в исследованиях Зиноп-Габден Бисенғали, подробно рассматриваются тематико-мировоззренческие, художественно-стилистические исследования казахских писателей, таких как Ш. Кудайбердыулы, М. Дулатов, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, М. Ауэзов, С. Сейфуллин, С. Муканов и др. В статье также представлены работы ученого, раскрывающие особенности мышления казахских романистов начала XX века и различные факторы, повлиявшие на их творчество.

**Ключевые слова:** национальная проза, роман, романтическое мышление, литературное развитие, художественный поиск, стиль, жанр.

#### Кіріспе

Ұлттық прозаның бастау-көздері, түп-төркіні ауыз әдебиетінде, ертегілер мен аңыздарда жатқанын, кәсіби көркем прозаның негізін Шоқан, Ыбырай, Абай қалағанын білсек те, ұлттық прозаның шынайы қалыптасып, жан-жақты жетіліп, жаңа деңгейден көрінген кезі XX ғасырдың алғашқы ширегінен басталатыны анық. Шынында да, жиырмамыншы ғасырдың басындағы қоғамдағы тарихи-әлеуметтік жағдай мен қоғамдық, тарихи санадағы әркілі өзгерістер рухани санаға да ықпалын тигізбей қалған жоқ. «Алаш қозғалысының қайраткерлері жоспарларын, бағыттарын шығармашылық қызметке бағыттау арқылы поэзия, проза, публицистика сынды жанрларды дамытты» (Ismakova, 2019: 71). Әдебиеттің қоғамдық, танымдық қызметі күшейіп, түрлі көркемдік-эстетикалық ізденістердің, әдеби даму заңдылықтардың әсерінен қаламгерлердің жаңа жанрларды орнықтыруға жасаған әрекеттері де жеміссіз болған жоқ. Академик С. Қирабаевтың сөзімен айтқанда «...тарихи оқиғалар легінің қабаттасуы, адам өмірі мен тағдырының күрделілігі, өлеңнің ауқымына сыймастай өзгерістердің молдығы прозаның дамуын жеделдетті» (Қирабаев, 1998: 22).

Осы тұста қолға алынған алғашқы газет, журналдар өткен ғасырдың басындағы ұлттық

көркем прозаның жариялануына, таралуына айрықша қызмет етті. Сөйтіп, болашақта кәсіби ұлттық көркем прозаға жалғасатын алғашқы адымдар, игі қадамдар баспасөз бетінде жасалып, төл прозамыздың қалыптасуы мен жетілуіне, өркендеуіне өзіндік үлес қосты. «Қазақ әдебиетінің сол дәуірдегі творчестволық проблемаларын мүмкін қадерінше сарапқа салып, жұрттың эстетикалық талап-талғамын қалыптастыруға алғашқы қадам жасаған да «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті» (Кәкішев, 1994: 72). Қазан төңкерісіне дейін шығып тұрған мерзімді басылым біршама болғанымен, біразының түрлі себептермен әдеби айналымға түспегені белгілі, енді кейбірінің әдебиет мәселелеріне көңіл бөлуі тым мардымсыз еді. Сондықтан да ағартушы-демократтардың органы болған «Айқап» журналындағы ұлттық прозаның мәселелерін қарастыруға ғана қол жеткізе алды. Алдын-ала айта кетейік, тәуелсіздік алған соң ақтандақтарды айтуға мүмкіндік болған сәттен бұл мәселеге зерттеуші жете көңіл бөліп отырды.

#### Зерттеу материалы және әдістері

Қазақ әдебиеттану ғылымында, жалпы әдеби ортада есімі танымал Зиноп-Габден Бисенғали ғылымда уызына жарыған жан. Оның

бойындағы адами қасиет, әдебиетке адалдық аяулы ұстаздары Бейсенбай Кенжебаев, Зейнолла Қабдоловтардан жұғысты болған тәрізді. Ұстаздарының ұлылығы, кісілігі Зекеңнің де бойына сіңісті болғандығы мінезінен, ісінен, әңгімесінен сезіліп тұрады. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» деген сөздің жаны бар. Қырық жылға жуықтаған қазақ әдебиетіндегі шығармашылық жұмысында қалпынан айнымаған Зекең бір ғасырдың бүлінген рухани бастау бұлағын тұндыруға, бүтіндеуге бар ғұмырын арнап келе жатқандығын ғалымның «XX ғасыр басындағы қазақ прозасы», «XX ғасыр басындағы қазақ романы», «Казахский роман начала XX века», «Қазақ романы», «1940-1960 жылдардағы қазақ әдебиеті» т.б. монографиялар мен оқу құралдарынан көруімізге болады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ғалымдардың бірі, ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың ұсынысымен XX ғасыр басындағы қазақ прозасының зерттелуін тақырып етіп алған Зиол-Ғабден Бисенғалидың алғашқы зерттеу еңбегі тәуелсіздікке дейінгі кезеңде жазылып, жарияланды. Әдебиет тарихын зерттеу мен дәуірлеудің кеңестік кезеңдегі қағидатына сәйкес, үлкен бес дәуірге бөлгенін білеміз. Соның ішінде XX ғасыр басындағы әдебиет (1900-1917 жж.) деп арнайы қарастырылатын болғандықтан да жас ғалым Ұлттық проза жанрының жаңа ғасыр бастауындағы қалыптасу тарихын, өзіне тән даму ерекшеліктерін айқындауға белсене кірісіп, осы кезеңдегі көркем әдебиет тынысын зерделеген еңбек жазып шықты. Мұның ішінде көзіқарақты оқырманға, ғылыми-әдеби қауымға бұрыннан таныс туындылармен қатар, әлі де болса әдеби-ғылыми айналымға толық түсіп үлгермеген, тіпті, авторы да, шығармасының аты-жөні де бимәлім болып келген әдеби жәдігерлерімізді анықтап, айқындап, түрлі себептермен жете көңіл аударылмай келген көркем прозаның үлгілерін елеп-екшеп, соның ішінде, «Айқап» журналының сандарынан хронологиялық тәртіпті сақтай отырып, қазақ қаламгерлерінің осы саладағы өзіндік ізденістерінің ерекшелігін, жетістігі мен кемшілігін саралап, көкейтесті мәселелердің басын ашып беруге атсалысты.

Кәсіби прозаның қалыптасып, дамуының алғышарттары, ізашарлары секілді бұл дүниелердің де өзіне тән көркемдігі, жүріп өткен жолы, қоғамдық өмірімен байланыстылығы, дәуір шындығын көркемдік тұрғыдан игерудегі әр қалам иесінің өзіне ғана тән тәмсіл-тәсілі, мәнер-машығы бары анық. «XX ғасырдың басындағы

қазақ әдеби үдерісі – бастапқы бағыт, кезеңдер бойынша түрлі бағыттағы көрнекі техника және проза арқылы молайған кезеңі» (Zhanuzakova, 2016: 479). Зерттеушінің әлі жазу-сызу тәжірибесі қалыптасып үлгермеген, көркемдік тәжірибесі кемшін, көркемдік деңгейі әрқилы прозалық туындылардың ара-жігін, жанрлық-идеялық, тақырыптың ерекшелігін, ізденістері мен іркілістерін айқындап, өзара салыстыру, ғылыми жүйеге түсіру, мәні мен маңызын тұжырымдау бағытындағы ізденісінің нәтижелі болуы ғалым үшін – үлкен абырой болса, ғылым үшін – зор табыс болмақ. Зиол-Ғабден Бисенғалидың осынау ғылыми маңызы зор, жауапты, қиын да күрделі істі мейлінше ғылымға тән тиянақтылықпен, ыждаһаттылықпен атқарғанын, әлі де атсалысып келе жатқанын білеміз.

«XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы» жарық көрген уақытта (1989) кеңестік идеологияның тегеуріні бәсеңдемей, ықпалы өз дегенін жүргізіп тұрған шақ болатын. Сол себепті ағартушылық-демократиялық бағыт ұстанғандардың үні болып есептелетін «Айқап» журналының бетінде жарияланған жазба прозаның алғашқы үлгілері зерттеу нысанына алынған, сол арқылы өткен ғасыр басындағы көркем прозаның туу, қалыптасу тарихы, әдеби-ғылыми сипаты талданғанын баса айтар едік, байқар едік...

Өсілінде, зерттеуші-ғалымның бір «Айқаптың» өзінен, айналасынан, төңірегінен өткен ғасыр басындағы қоғамдық санадағы, рухани саладағы, әдебиет майданындағы үлкенді-кішілі өзгерістерді, қоғамдағы ілгерілеушілікті, соның ішінде, қаламгерлік ізденістерді бір арнаға сыйғызып, көркемдік ойлау дүниетанымымыздың дәреже-деңгейін айқындауға қосқан үлесі қомақты-ақ.

Алдымен «Айқаптың» әдебиетті дамытудағы айрықша маңызына тоқталып, дәуір тынысын сездіруге қолдан келер көмегін аямай-ақ кіріскен қаламгерлердің ерен еңбегін атап өтеді. «Айқап» «Кітаптар жайынан» деген арнаулы бөлім ашып, қазақ тілінде жарық көрген кітаптармен жұртшылықты үздіксіз хабардар етіп отырған» (Смағұлов, 2017: 92).

Одан әрі журнал бетінде жарияланған проза жанрындағы әдеби-көркем дүниелерді хронологиялық тәртіппен жүйелеп, әр туындыға арнайы тоқталып, идеялық-көркемдік, тақырыптық-мазмұндық, жанрлық-стильдік ерекшеліктеріне көңіл бөліп, жеке-жеке талдайды.

Көркем прозаның әлі жетілмеген, балаң үлгілері қатарынан көрінген туындыларды елеп-

екшеп, көркемдік талап деңгейінен шыға алатын шығармаларды іріктеп, оларды әңгімелер, жолжазба очерктер және аудармалар деп үш топқа бөліп қарастырады.

Ғалымның әңгіме деп айдар тағып, топтастырған дүниелерінің бәрі бірдей көркем проза табиғатына, талабына жауап бере алмасы анық. «Көңілдегі көрікті ойдың, ауыздан шыққанда сүреңі қашар» деп Абай айтқандай, ойдағыны, санадағыны қағазға түсіруге келгенде өзіндік машақаты мен мехнаты барын сезінгенмен, түсінгенмен, оны шеберлікпен, көркемдікпен игеруге келгенде қаламның қиналысы, автордың тәжірибесіздігі анық байқалады. Ұлттық жазба әдебиеттің бастауына көз жіберсек, үйрену, шындалу мектебі, уақытпен келетін тәжірибе жоғын ескерсек, туындаған мәселенің мәнісін түсінетініміз аян. Зерттеуші әңгіме жанрындағы көтерілген басты тақырыптарды, оны жеткізудегі автор ұстанымын, идеясын саралап, қандай да бір көркемдік әдістерді, баяндау стилі мен суреттеу барысындағы ілкі ізденістерді қалт жібермей, оралымды ойды аңғаруға тырысады, келісті сюжеттің құрылымына ден қояды. Диалог пен монологті қолданудағы ерекшеліктерін, табиғат көріністерін суреттеудегі сәтті ізденісін, шымыр құрылған композициясын ғылыми тұрғыда зерделеп, ғылыми-әдеби айналымға түсірудің, алып келудің мәселелерін күн тәртібіне қояды.

«Айқаптағы» әңгімелердің басты арнасын, тақырыбын, идеясын жүйелеп, көркемдік, шеберлік тұрғысынан кемшін тұстарын айқындап, оның себептерін ғылыми негізде тұжырымдайды.

Көркемдігі солғын, идеясы бұлыңғыр, кезеңдік сипаты басым шығармалармен қатар, сол кездің өзінде-ақ шығармашылық қарым-қабілетімен ерекшеленген С. Торайғыровтың «Ауырмай есімнен жаңылдым», Б. Майлиннің «Болған іс» секілді алғашқы, тырнақалды туындыларындағы тілге ұсталығы, кейіпкер психологиясын берудегі, сюжетті дамытудағы өзіндік ізденістерді зерттеуші тарапынан тыс қалмайды. Бір жағынан аталмыш авторлардың кәсіби прозадағы алғашқы ізденістеріне ғылыми тұрғыда баға берілсе, екінші жағынан «Айқаптың» көркем әдебиетті, әңгіме жанрын жолға қоюда, насихаттауда, жариялауда өзінен кейінгі басылымдарға жолбасшы, ізашар болғандығын аңғартады. Шеберлік үрдіс, көркемдік әдіс тұрғысынан да кейінгі қаламгерлерге үйрену мектебі, үлгі-өнеге алаңы болғаны да жасырын емес. Журналда жарияланған жолжазба очерктердің, аудармалардың да өсер әдебиетке өріс, үлгі тұтам деушілерге үйрену

мектебі болғаны анық. Сапасы сан алуан, стилі әр қилы очерктердің көркем белгілерімен қатар, танымдық, деректік, елшілдік сипатының да маңызы зор екенін ескертеді. Баяндау стилінің жатық, көрген-білгендерінен ой түюге, пайым жасауға келгенде айтары анық, жазу стилі, құрылымы-құрылысы, ой жүйесі, сөз саптауы жүйелі жазбалардан заман тынысын, дәуір үнін, кейіпкерлерінің сана-сезімін, дүниетаным көкжиегін де аңғартатын тұстары баршылық.

Мәселен, «Айқап» журналының 1913 жылғы 5-санында жарияланған М.Кәшімовтің «Әулие ата мен Шымкент арасы» очеркіндегі жазушы стилі, баяндау тәсілі көркемдік үдесінен көрінетінін аңғарып, автор шеберлігінен хабардар ету үшін шығармадан үзінді келтіріп, назар аудартуы да бей-жай қалдырмайды.

«... Жолға шыққан екі адам болып, көрмеген жердің ой, шұңқыры көп дегендей өз еліміздің алыс қалғандығы, оның үстіне таныстардан да айрылғанға көңіл жұқарып келе жатқанда елде жүргенде, Алатау, Қаратау деп естігенде, жердің шеті ме деп таң қалатұғын Алатау һәм Қаратауды көреміз, һәм Алатаудың басы аппақ қар, етегі қоңыр ала болып көрінеді. Қаратаудың басының мұнарланып мұнайып тұруы біздің көңілімізді тағы жұқарта түссе де, күмістей жарқырап, сарқырап аққан арықтың сулары шуақ болып тұрған күннің көзі бізді жұбатып аяңдап келе жаттық» (Бисенғалиев, 1989: 55).

Зерттеу еңбекте сондай-ақ, Қ. Ғабдолрахманұлының «Омскіден Алтайға саяхат», М. Кәшімовтің «Әулие Ата шаһарында русско-киргизский школ», «Шабдан батырдың асы», «Қытай қазақтарының жайынан» очерктеріне арнайы тоқталып, ұлттық прозаның даму үдерісіне үн қоса алғандығын саралап, көркемдік, танымдық, тәрбиелік қырларын зерделеу арқылы аңғартады.

*Сонымен бірге, журнал бетінде аударма саласына да көңіл бөлініп, орыс, батыс және шығыс әдебиетінің тамаша туындыларын қазақ оқырмандарына таныстыру қолға алынды. Сөйтіп, өз халқын дүние жүзі әдебиетінің үлгілерімен таныстырды. Зерттеуші журнал бетінде жарияланған аудармаларға, соның ішінде, прозалық туындыларға жеке-жеке тоқталып, ол туындылардың қазақ қоғамына қажеттілігін, әдеби үдерістің дамуына әсерін айқындап, бірқатар еңбек атқарды. Зерттеуші сапасы түрлі деңгейдегі, көлемі әр қилы аудармаларды сараптай келе, олардың ұлт мүддесімен үндес келетінін, ал классикалық туындылардан жасалған аудармалардың ұлт*

әдебиетінің ілгерілеуіне де ықпалы болған деп тұжырымдайды.

Өткен ғасырдың бастауында тарих табалдырығын аттап, жаңа өмірдің жаршысындай болып руханият әлеміне өзгеше құбылыс болып енген жаңа жанрдың бірі роман болғандығы даусыз. Романды Ахмет Байтұрсынов ұлы әңгіме деп сипаттайды: «Ұлы әңгіме шығарушылар (романшылар) роман жазғанда тақырыпты не өз заманындағы тұрмыс сарынынан алады, не өткен замандағы тұрмыс сарынынан алады, немесе алдағы заманның сарынын болжай жазады. Роман алған замандағы тұрмыс сарынын көрсеткенде, сондағы адамдардың – үлкені-кішісі бар, жақсы-жаманы бар, байы-кедейі, төресі-қарасы бар, жасы-кәрісі бар – не істейді, не тілейді; неге сүйініп, неге күйінеді; неден именеді, неден күйзеледі; нені жақтырады, неден жиренеді, неге құмар, неге сұлық» (Байтұрсынов, 1989: 280).

Қазақ қаламгерлерінің тың жанрды игерудегі сәтті-сәтсіз ізденістері Ө. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Әуезов бастаған талай зиялылардың, әдебиет жанашырларының, зерттеушілерінің назарына ілігіп, көңілін аударғаны да белгілі. «Алғаш рет қазақ прозасын қазақ әдебиеттанушысы Ахмет Байтұрсынов зерттеді» (Satylkhanova, 2018: 128).

Одан бергі уақытта романның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі, алатын орны, маңызы мен мәні турасында том-том зерттеулер, кітаптар жарияланды. Қадау-қадау мәселелері іргелі монографиялардың зерттеу нысанына айналып, ұлттық әдебиеттану ғылымының дамуына үлес болып қосылды. Жанр әдебиетіміздің жетекші саласына айналды.

Дегенмен, жаңа ғасыр көкжиегінде дәуір тудырған бұл жанрдың тәуелсіздік кезеңінде ұлттық мүдде, жаңаша бажайлау тұрғысынан зерделеу, ақтаңдақ болып келген туындылардың бүгінгі әдебиеттану ғылымы тарапынан жүйелі, кешенді зерттеу өзекті болғандығы даусыз.

Бұл зерттеу еңбектің алдына қойған мақсат-міндеті жайында әдебиет зерттеушісі З. Бисенғали төмендегідей тұжырым жасайды: «XX ғасыр басында жазылған, 1928 жыл соңына дейін жазылған, жарық көрген көптеген романдар жүйелі түрде осы дәуір әдеби үдерісі мен тарихы аясында толық қарастырылған емес. Сондықтан да бұл зерттеу осы бағыттағы алғашқы еңбек болып табылады. Оның зерттеу нәтижесі мен қорытындылары әдеби тарихи деректер, жүйелі, салыстырмалы, тарихи-генетикалық, объективті-аналитикалық талдаулар негізінде

алынды. Теориялық байламдар солардың әдеби процестегі алгоритмдік байланыстар өрнегіне талдаулар арқылы жасалынды» (Бисенғали, 2010: 273). Зерттеуде XX ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік жағдай, тарихи-қоғамдық санадағы өзгерістер нәтижесі, оның роман жанрының дамуына әсер-ықпалы, ол туындылардағы тақырыптық-идеялық, көркемдік ерекшеліктер, әрбір қаламгердің өмір құбылыстарын игерудегі мәнер-машықтары, әдіс-тәсілдері, ұстаным-қағидаттары жан-жақты талданып, жүйелі, кешенді зерделеніп, ғылыми маңызы айқын түйін-тұжырымдар жасалған. Ғалымның романдық ойлаудың қалыптасуы, қоғамдық сана мен диалог жеке адам мен әлеуметтік өмір арасындағы қатынастар аясында қабаттастыра бейнеленуге тиіс деп санайтын ой-түйіндерінің Г. Поспелов, А. Белецкий, А. Волков, Б. Грифцов, В. Шкловский т.б. сынды орыс әдебиеттанушыларының пікірлерімен үндесетінін көреміз.

Ғылымның өзі атап көрсеткендей, бұл жанр төңірегіндегі сан алуан, әр-қилы зерттеу-зерделеулерді, пікір-пайымдауларды ғылыми негізде жүйелеп, бір арнаға тоғыстырып, өзара салыстыра-салғастыра отырып, роман дамуының ортақ заңдылықтарын, жанрлық-типологиялық ерекшеліктерін, реалистік, психологиялық сипатын, бейнелеу амалдары мен характер сомдау болмысын саралау арқылы роман табиғатын айқындау. «Роман неліктен адамды баурап алады? Өйткені мұнда «екіжүзді буржуазия» немесе «жалынды махаббат шарпуы» көркем тілмен суреттеліп, адамды бейжай қалдырмай, өз тылсымына еліктіре тартады. Сондықтан да ол тереңдей зерттеуге әбден лайықты. Өйткені әдебиет жаңашыл әрі нанымды мазмұнмен немесе мәнді өрнекпен шарықтай дамып келеді. Оқиғаларды бір-бірімен жымдастырып, бір желіге ұйыстырып тұрған да шығарманың бірегей формасы» (Ryan, 2017: 35)

Қазақ романының тарихын жүйелеп, бастау-бұлағын, ағыс-арналарын түгендеп, көркемдік нәрі мен рухани маңызын, әдебиеттану ғылымындағы орны мен мәнін саралау – зерттеудің ғылыми сипатын танытып, өмір болмысын айқындап тұр. Яғни, роман туралы ілгерілікейінді жазылған еңбектердің қатарында өзіндік орны бар, ғылыми маңызы сүбелі зерттеу.

Жиыны 14-15 романды (1928 жылға дейін жазылған) зерттеу нысаны етіп ала отырып, әрбір туындыны жеке-жеке талдап, көтерген проблемасына тоқталып, әр қаламгердің әдіс-тәсілін, көркемдік ізденісін, күрделі жанр-

ды игерудегі өзіндік қолтаңбасын көрсетуді мақсат тұтқан. Жаңа әдебиет жасаудағы әрбір сәтті-сәтсіз қадамы, тақырып игерудегі талпыныстары мен идеялық шешімдері, қоғамдық сананы оятудағы қозғаушы күші мен кейіпкер санасындағы өзгерістердің эволюциялық әрекеті мен дүниетанымындағы қабылдаулар әсері де нақты талдаулар негізінде жүзеге асырылып, ортақ мәселелері жүйеленіп, біртұтас сабақтастықта қарастырылған. Тұңғыш роман «Бақытсыз Жамалдан» бастап «Адасқандарға» дейінгі аралықтағы туындылар ғылымның зерттеу нысанына алынып, жоғарыда аталған жайттардың көрініс табуын айқындап, түйінді тұжырым, байыпты байлам жасайды. «М. Жұмабаев, М. Дулатов және т.б. мақалаларында еркіндік пен тең құқықтық жайында, жас ұрпақтың алдағы атқаратын міндеттері туралы жырлады» (Sadykov, 2021: 29).

Әсіресе, ғалымның әдеби-ғылыми айналымға кеш қосылған алаш ұранды әдебиет өкілдерінің туындыларын талдау жасап, қағажу көрген шығармалардың шынайы болмысына, көркемдік мәніне терең бойлайды. Атап айтқанда, М. Дулатовтың, Ш. Құдайбердіұлының, Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, т.б. «ұлы әңгімелері» өз кезеңінде қоғамдық санаға қозғау салғанымен, кеңестік идеология әдеби айналымнан алып тастағанын білеміз. Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттерін ашып айтуға еркіндік туған сәттен алаштеккі қаламгерлердің әдеби-шығармашылық мұрасын, соның ішінде, романдарын дендей, тереңдей зерттеуге мүмкіндік туды. Осы тұста жазылған З. Бисенғалидың «XX ғасыр басындағы қазақ романы», «Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында» атты зерттеулері өткен ғасырдың алғашқы ширегінде жазылып, жазба әдебиеттің дамуының алғашқы кезеңін қалыптастырып, аяғынан тұруына зор үлес қосқан жаңа романдарды талдап, көркем әдебиеттің дамуындағы орнын, жүз жылдық аса тарихы бар роман жанрының мәселелерін көркемдік-теориялық тұрғыдан, дүниетанымдық-эстетикалық талап деңгейінен зерделеп, жан-жақты қарастырғанын білеміз.

Профессор З. Бисенғалидың «Қазақ прозасы XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында» атты зерттеу еңбегі «XX ғасыр басындағы қоғамдық өмір: мәдениет пен әдебиет және қазақ романдарының басты сипаттамасын», «қазақ романының бейнелеу ұстанымдары мен көркемдік әдіс тәсілдерін», «қазақ қаламгерлерінің тақырыптық-идеялық ізденістерін», «қазақ романындағы көркемдік идеялық

ізденістерін» т.б. мәселелерді жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Атап отырған еңбекте ғалым XX ғасыр басындағы қазақ романшыларының дүниетанымынан туындаған романдық ойлау ерекшеліктерінің сырын және оған әсер еткен төрт түрлі факторды ашып көрсетеді: 1. «XX ғасыр басында роман жанрына қалам тартқан қазақ жазушыларының... бірі – ұстаз, ағартушы болғандықтан қоғамдық, шығармашылық барша қызметі де осы мақсатқа бағындырылды. Тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге мәселесі сондықтан да бірінші орында тұрады. Т. Жомартбаев пен С. Көбеев романдарында тәлім-тәрбиеге бағытталған идеялардың молдау ұшырасатыны осыдан. 2. Романшылар арасында журналист қаламгерлер де аз болған жоқ. Олардың шығармаларында қазақ қоғамы алдындағы келелі мәселелер көбірек қозғалды. М. Кәшімов пен С. Торайғыров шығармаларында осы мақсаттың іздері, өрнектері айқын. 3. Саяси күрестерге араласқан ірі қоғам қайраткерлері арасынан да романшылар кездеседі. Олардың шығармаларында Қазақстан мен қазақ халқының елдігі, тәуелсіздігі, болашағы туралы күрес жолына шыққан қаһармандар тағдырлары қозғалады. М. Дулатов пен С. Сейфуллин шығармаларына үңіле қараған адамның осы мақсатты жазбай таныры анық. 4. Қазақ романшылары арасында – адам, қоғам, ұлт, бостандық, тәуелсіздік, елдік мәселелеріне терең бойлай алған ойшыл-философ, тума талант, ірі суреткерлер де кездеседі. Ш. Құдайбердиев, Ж. Аймауытов, М. Әуезовтердің қай-қайсы да қазақ елінің ертеңі мен халықтың болашағы не болады деген түйінді шешуге талпынған» (Бисенғали, 1997: 62-63).

Шартты түрде алғанда романдық ойлау уақыт пен кеңістікке, өркениет пен әдеби үдеріске тығыз байланысты тарихи категория: уақыт өтсе, кеңістік өзгерсе, бұл да белгілі өзгеріске ұшырайды. Мұны ғалымның XX ғасыр басындағы қазақ романдарына сынның әсері қандай болғандығын негізге ала отырып айтып отырмыз. Еңбекте ғалым қазақ романдарына сын «1910-1928 жылдар арасында, эссеистикалық сыннан (шығарманы жеке қабылдауына, өз эмоциясына ғана сүйене талдау, дәлел, деректердің аздығы) социологиялық сынға жуықтағандығын» көрсете келіп, романдық ойлауға «субъективті факторлар ресми үкімет, цензура, қаламгердің жеке басының проблемалары т.б.» ықпалы мол екендігін ашады. Және олар «шығарманың қоғамдық санадағы тарихи-қызметтік (историко-функциональный) мәнін

аша түсуге жәрдемдесетінін С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романының тарихына тоқталу» арқылы көрсетеді.

Өзімізге белгілісі «Тар жол, тайғақ кешу» романы алғаш оқырманға жол тартқан 1927 жылдан сынға ұшырады. Шығармадан гөрі авторын сыбаған ұрда жық сын сымақтармен қатар орынды айтылған шынайы пікірлерде болды. «Романның екінші басылымына (1936 ж.) уақыттың саяси ахуалына орай, ресми идеологияны, сын пікірлерді ескере келе автор тиісті түзетулер жасады. Алашорда қозғалысына қатысты аз-кем деректі материалдар авторлық баяндауға, түсініктемелерге көшірілді» (Бисенғали, 1997: 85). Бұл өз кезегінде жоғарыда айтылған романдық ойлау уақыт пен кеңістікке, өркениет пен әдеби үдеріске тығыз байланысты тарихи категория: уақыт өтсе, кеңістік өзгерсе, бұл да белгілі өзгеріске ұшырайды деген пікірімізді нақтылай түседі.

### Нәтижелер мен талқылау

Романдық ойлау туралы танымымыздың төркінін іздегенде «жаңа жанрлық көркем мазмұн бағытының, аспектісінің пайда болуы, көрінуі, романдық ойлаудың қалыптасуы» ХХ ғасыр басындағы романдарымызға дейінгі көлемді, көркем шығармаларда нақтырақ айтқанда «Қисса сул Әнбиядегі» «Жүсіп-Зылиха» тәрізді қиссаларда. Сондай-ақ эпостарымыз бен салт ертегілеріміздегі романға тән жанрлық мазмұн белгілер мен көркемдік әдіс-тәсілдерде жатыр. Мұны ғалымдарымыз қазақ романының басы, «халықтық романдар» деп қарастырып жүр.

Яғни, романдық ойлаудың қалыптасуына «халықтық романдар» алғы шарт болса, бұл ХХ ғасыр басындағы романдарымызда қалай көрінді деген сұрақтың туындары анық. Бұл турасында Зинов-Ғабден Бисенғали: «Дәстүрлі әдебиеттің жазу үлгілерін, бейнелеу құралдарын пайдалану, әсіресе, 1917 жылға дейінгі шығармаларда М. Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», романы мен С. Торайғыровтың «Кім жазықты?» аралығындағы шығармаларда жиі кездеседі. Кейбір романдарда ауызекі әңгіме, халық прозасы көркемдік жүйесінің көп қолданылатыны сонша, халық арасына кең тараған ауызша әңгіме стильге түсірілгендей әсер қалдырады. «Бақытсыз Жамал» мен «Қалың мал», «Мұңлы Мариям» мен «Қамар сұлу», «Қыз көрелік» т.б шығармаларда халық прозасы үлгілерінің әсері мол...» дей келіп, «Бақытсыз Жамал» романында жазушы: («Жамал он бес жасқа келді. Сұлу,

ақыл, салтанат үшеуі бір біріне толық келіп, Жамал сол елдің қызының алды болды...») жоғарыда айтылған халық прозасы мен шығыс әдебиетіндегі дәстүрлі баяндаудың романдық ойлау контекстінде сәтімен қолданылғанын көрсетеді.

Осы «Бақытсыз Жамал» романының жазылғанына биыл тура 110 жыл. Қазақ романының тұңғышы «Бақытсыз Жамалдың» 1917 жылға дейін екі рет басылым көріп, авторының көзі тірі кеңес заманында мүлде баспа жүзін көрмеуіне қатысты ғалым: «Баспа, баспасөз маңында жүрген қаламгердің кезінде оқушысын тапқан шығармасын қайта бастырмауының негізгі себептері болуға тиіс. Қоғам мінезін, замана тілін ұға алған ірі қоғам қайраткерінің саяси-идеялық күресте жеңіліс табуы әсер етті ме, әлде романдық ойлау деңгейіне көтеріле алған қаламгердің алғашқы романын жанр талабына сай түбегейлі өзгерте жазуға уақытының, жағдайының, ықпалының болмауынан ба?...» деп сұраулы сөйлеммен бір ойлантып алып, жазушы өмір сүрген уақыттың шамырқанған шындығын былай түйіндейді: «Талайды көрген тәжірибелі жан, өз елінің тәуелсіздігі, елдігі, дербестігі үшін күрескен табанды қайраткер, өз айтқанынан өзгені естімейтін саяси жүйе беталысынан оның болашағын көріп тіксініп қалғанға ұқсайды». (Бисенғали, 1997: 62-63).

Мәселен, «Бақытсыз Жамал», «Қилы заман», «Ақбілек», «Қартқожа» сынды туындылардың жазушы дүниетанымы тұрғысынан қалай зерделенгені, ұлттық сана мен психологиялық өзгерістерді бейнелеудегі шеберліктері, дәуір шындығын көркемдік шешіммен астастырудағы қаламгерлік ұстанымдары, азатшыл идеясы мен бостандық рухын суреттеудегі сезімталдығы, көркемдік әдіс пен бейнелеу амалдарының сонылығы, шынайылығы жан-жақты қамтылып, жаңа тұрпатты туындылардың рухани қазынамызға қосылған сүбелі үлесін айқындайды. «Ұлттық романның дара принциптерін орнықтыруға жол салды. Сол себепті Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» және «Ақбілек» атты туындылары қазақтың реалистік классикалық романының төлбасы саналады» (Қирабаев, 1993: 29).

Дәстүрлі әдебиет арнасында дамуды бастан кешкен жанрды әр қаламгердің қалқадерінше игеріп, тұтас әдебиетті дамытуға өзіндік ықпалын саралайды. Әсіресе, ғалымның жазушы дүниетанымының шығармашылық ізденістегі орны жайлы М. Әуезовтің «Қилы заманын» арқау ете отыра пайымдауы, таптық

көзқарас, коммунистік идеология ықпалының Ж. Аймауытовтың «Қартқожасынан» көрініс табуы, «Ақбілектегі» кейіпкерлерге саяси сананың ықпал етуін суреттеуі, Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мариясындағы» өзгеше көркемдік тәсіл, авторлық көзқарас тұрғысынан зерделеуі т.с.с. мәселелерге айрықша назар аударып, көңіл бөледі. «Жалпы, Шәкәрім шығармашылығында рухани түсініктер мен сезім баса көрініс табатын құпияға толы, ондағы образ сопылық поэзия арқылы жеткізілген» (Soltanayeva, 2015: 12).

Нақтырақ тоқталсақ, әдебиеттанушы ғалым З.Бисенғали өз зерттеулерінде Шәкәрім Құдайбердіұлының «Әділ-Мария» романы XX ғасыр басындағы қазақ романының жанрлық, стильдік, көркемдік тұрғыдан дамуына айрықша ықпалы болғанын жан-жақты тоқталып өтеді. Шәкәрімнің романына Шыңғыстаудың бөктерінде өткен оқиға арқау болғаны белгілі. «Шәкәрім – прозадағы маңызды тұлғаның бірі. Ол шығармаларын роман, очерк, мақалалар, тарихи-философиялық трактаттар сияқты жанрларда жазды» (Shortanbayev, 2016: 108). Шәкәрім поэзиясының, шағын прозалық туындыларының негізгі тіні болып келетін философиялық пайымдаулардың бұл романда да айрықша көрінетінін байқаймыз. Өмір құбылыстарын өзінше түйсініп, түйін-тұжырым жасау Шәкәрімнің шығармашылығына тән ерекшелік десек, артық айтқандық емес. «Абай мен Шәкәрімнің философиялық идеялары дәстүрліліктің қорғауға тиіс белгісіне айналды» (Sydykov, 2016: 367). Осы жайттарды профессор З.-Ғ. Бисенғали роман жанрын игерудегі өзгеше қадам, соны тәсіл екенін аңғартып, «Шығарма құрылымында бірін-бірі толықтырып, қатар өрілетін екі өрім бар. Бірі – трагедияға ұшыраған жастар өмірі, тағдыр тарихы да. екіншісі – сол тарихтың әр тұсына үңіле қарап, мәңгі өмір, табиғат туралы толғаныста отырған автор» (Бисенғалиев, 1989: 69), – деп тұжырымдайды.

Автордың кейіпкер болмысын танытудағы, характер психологиясын ашудағы, адамның жан әлеміне үңілудегі, өмір құбылыстарының сан алуан иірімдерін өзгеше танытудағы суреткерлік әлеуеті, шеберлік машығы мейлінше оқшау, дара сипатты болып келетіні де зерттеу өзегіне айналған.

Зерттеушінің Шәкәрім романының көркемдік сипаты, ғылыми маңызы, әдеби мәні, философиялық құндылығы тұрғысына қатысты пайымдаулары оның қазақ әдебиеті тарихындағы орнын анықтауға да септігін тигізеді.

Әлеуметтік теңсіздіктен туындайтын талайлы тағдырлар трагедиясының XX ғасыр басындағы қазақ романшыларында шебер суреттелу сыры, сондай-ақ осы кезең әдебиетін зерттеуде әлі де болса толық ашылмаған әдеби бағыттармен олардың әдіс-тәсілдері «Қазақ прозасында» әдебиеттанудағы нақты мәселе ретінде көрсетіледі. Алғашқы әлеуметтік теңсіздік салдарынан орын алған тағдырлар трагедиясының сәтті суреттелуі қаламгерлеріміздің әлемдік әдебиеттегі натурализм әдіс-тәсілдерін меңгеріп шын мәніндегі романдық ойлау деңгейіне көтерілгендігімен байланыстырылса, натурастік бағыттың нақты мәселе ретінде қарастырылуы «қазақ әдебиетінде бұл әдеби бағыттың ұлттық ерекшеліктерін ескеретін теориясы жасалмауымен» түсіндіріледі. Және зерттеу нысанына қатысты: «қазақ романдарында, тіпті әдебиетінде де, бұл әдіс, бағыт көркем жүйе тәрізді қалыптасты ма, оны ашып айту қиын. Арнайы зерттеулер де жоқ. Қажет екені көрініп-ақ тұр» деп, әдебиеттанушылардың алдында анықталуы тиіс мәселелерді де нақтылап өтеді. Осы төркіндес ойды ғалымның романдағы сентиментализм өрнектеріне қатысты айтылған «қазақ әдебиетінде сентиментализм ағымының түрі, бейнелеу әдісі ретіндегі қолданылу аясы, көріністері зерттелген емес» пікірінен де аңғарамыз.

### Қорытынды, тұжырымдар

Ғалымның XX ғасыр басындағы роман жанрының қалыптасып даму жолдарын зерттеудегі пайымдары әдебиет тарихы мен роман теориясы үшін ғана емес, әдебиет теориясы мен сыны үшін де аса маңызды материалдар, бағыт-бағдарлар бере алады. Екінші жүз жылдыққа қадам басқан қазақ романының тарихы мен табиғатын, роман жанры айналасындағы түрлі теориялық, идеологиялық, саяси айтыстар мәнін тануда да Зиол-Ғабден Бисенғали еңбектеріндегі жинақталған ойлар мен тұжырымдар аса маңызды болып табылады.

Қорыта айтқанда, әдебиеттанушы ғалым Зиол-Ғабден Бисенғалидың қазақ әдебиетіндегі проза жанрының туып-қалыптасу тарихын, көркем әдебиеттің өсу, кемелдену жолындағы үдерісін, романның даму заңдылықтарын, ерекшеліктерін, өзіндік дәстүрін жан-жақты қарастырған зерттеулері әдебиеттану ғылымындағы өзіндік орны бар еңбектер.



### Әдебиеттер

- Ismakova A., Akysh N., Kaliyeva A., Akhmetova A., Shortanbayev Sh. Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse // Space and Culture. – India, 2019. – Vol.7, № 6. – 71 p.
- Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1998. – 224 б.
- Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алматы: Санат, 1994. – 448 б.
- Zhanuzakova K., Onalbayeva A. Romantic Trends in the Kazakh Literature at the Beginning of the 20th Century and its National Features // The Social Sciences – 2016. – №11 (18). – 449 p.
- Смағұлов Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымы – Астана:Фолиант, 2017. – 480 б.
- Бисенғалиев З. XX ғасырдың басындағы қазақ прозасы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 136 б.
- Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: 1989. – 280 б.
- Satykhanova G., Tanzharykova A. Artistic function of detail in Kazakh prose // Opción, Año 34, Especial 2018. – №15. – 128 p.
- Бисенғали З. Қазақ прозасы. XX ғасыр басы: Жаңа роман жолында. 2-кітап. Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2010. – 296 б.
- Ryan M. Literary Theory: a practical introduction. 3<sup>rd</sup> edition. – New York: Wiley Blackwell, 2017.
- Sadykov S., Serdali B. Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century // Global Media Journal <https://www.globalmediajournal.com/open-access/kazakh-printed-press-development-in-the-late-19th-early-20th-century.php?aid=85882.10.02.2021>.
- Бисенғали З. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997.- 268 б.
- Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. Өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 220 б.
- Soltanayeva E.M., Sagyndykov N.B. The textual analysis of Shakerim’s poem «Leyliya and Mezhnun // Nauka i Studia – 2015. – №7 (138). – 12 p.
- Shortanbayev Sh. Structural features Shakarim’sydykov E., Abdumalik N. Kazakh Philosophy: from Abai to Shakarim // International journal of environmental & Science education – 2016. – №10. – 367 p.

### References

- Baitursynov A. (1989) Shygarmalary [Compositions]. Almaty: p. 280 (in Kazakh)
- Bisengali Z. (2010) Kazakh prosasy. XX gasyrdyn basy: Zhana roman zholynnda. [Kazakh prose. The beginning of the twentieth century: on the way to a new novel]. Book 2. Research. – Almaty: Arys Publishing House, p. 296 (in Kazakh)
- Bisengali Z. (1997) XX gasyrdyn basyndagy kazakh romany [Kazakh novel of the beginning of the XX century]. Almaty: Ulke, p. 268 (in Kazakh)
- Bisengaliev Z. (1989) XX gasyrdyn basyndagy kazakh prosasy [Kazakh prose of the early twentieth century]. Almaty: Mektep, p. 136 (in Kazakh)
- Ismakova A., Akysh N., Kaliyeva A., Akhmetova A., Shortanbayev Sh. (2019) Seven Aspects of the Great Steppe in the Modern Kazakh Prose – the National Conception of Eternal Nation and Art Discourse // Space and Culture – India, 2019. – Vol.7, № 6. – 71 p.
- Kakishev T. (1994) Kazakh adebiety synynyn taryhy [History of Kazakh literary criticism]. – Almaty: Sanat, p. 448 (in Kazakh)
- Kyrabayev S. (1998) Kenes dauiryndegy kazakh adebyety [Kazakh literature of the Soviet era]. Almaty: Bilim, p. 224 (in Kazakh)
- Kyrabayev S. (1993) Zhusypbek Aimaurov. Omiri men shygarmashylygy [Life and creativity]. Almaty: Ana tili, p. 220 (in Kazakh)
- Ryan M. (2017) Literary Theory: a practical introduction. 3<sup>rd</sup> edition. Wiley Blackwell.
- Sadykov S., Serdali B. Kazakh Printed Press Development in the Late 19th-early 20th Century // Global Media Journal <https://www.globalmediajournal.com/open-access/kazakh-printed-press-development-in-the-late-19th-early-20th-century.php?aid=85882.10.02.2021>.
- Satykhanova G., Tanzharykova A. (2018) Artistic function of detail in Kazakh prose // Opción, Año 34, Especial – №15. – 128 p.
- Smagulov Zh. (2017) XX gasyrdagy kazakh adebiettanu gylymy [Kazakh literary science of the XX century]. Astana: Folio, p. 480 (in Kazakh)
- Soltanayeva E.M., Sagyndykov N.B. (2015) The textual analysis of Shakerim’s poem «Leyliya and Mezhnun // Nauka i Studia – №7 (138). – 12 p.
- Shortanbayev Sh. (2016) Structural features Shakarim’sydykov E., Abdumalik N. (2016) Kazakh Philosophy: from Abai to Shakarim // International journal of environmental & Science education – №10. – 367 p.
- Zhanuzakova K., Onalbayeva A. (2016) Romantic Trends in the Kazakh Literature at the Beginning of the 20th Century and its National Features // The Social Sciences – №11 (18). – 449 p.